



«БЕКЕН»
ЖАС КӨШБАСШЫЛАР ДОСТАСТЫҒЫ»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД
«СОДРУЖЕСТВО МОЛОДЫХ ЛИДЕРОВ
«БЕКЕН»

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 130000, 6 ш/а «Жастар үйі» ғимараты
тел: 8 (7292) 603343 beken.zhastary@gmail.com

27 сәуірсен 2022 ж.

№ 2022-17-28

27 шілде 2022 г.

Кімнен: «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына
Кімге: «Бекен» жас көшбасшылар достастығы» қоғамдық қорынан

Үкіметтік емес ұйымдарға берілетін гранттар конкурсына қатысуға өтініш

Осы өтінішті бере отырып «Бекен» жас көшбасшылар достастығы» қоғамдық қоры (ары қарай – өтініш беруші) «Жастар саясаты мен балалардың бастамаларын қолдау» бағытының «Жастар ұйымдарының көшбасшылары үшін ТМД елдеріне тағылымдамалар» грант тақырыбы бойынша үкіметтік емес ұйымдарға берілетін гранттар конкурсына (арықарай – конкурс) қатысуға тілек білдіреді және конкурс шарттарына сай әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға келісім береді.

Өтініш беруші осы арқылы өтінімнің ішіндегі барлық ақпараттың шынайы екендігін, шынайы фактілерге сәйкес келетіндігін растайды және кепілдік береді, және өзінің құзыреттілігі, біліктілігі, сапалық және басқа сипаттамалары туралы жалған ақпарат беру, авторлық және сабақтас құқықтарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да шектеулерді сақтау үшін жауапкершілік туралы хабардар екендігін білдіреді. Өтініш беруші жалған ақпарат беру үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алады.

Директор



М.М. Ержан

Өтініш берушінің сауалнамасы

| № п/п | Атауы | Ақпарат (сұраныс беруші толтырады) |
|-------|--|---|
| 1. | Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) куәлігі туралы анықтамаға немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес өтініш берушінің атауы | «Бекен» жас көшбасшылар достастығы» ҚҚ |
| 2. | Мемлекеттік тіркеуден өткен күні (қайта тіркеу) | 07 наурыз 2017 жылы |
| 3. | Бизнес-сәйкестендіру нөмірі | 170340008762 |
| 4. | Нақты мекенжайы | Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 6 ш/а, «Жастар үйі» ғим-ы |
| 5. | Өтініш берушінің мақсатты тобы туралы ақпарат | Маңғыстау облысындағы 18-35 жас аралығындағы жастар, жас көшбасшылар және жас қоғамдық пікір көшбасшылары. |
| 6. | Бірінші басшының (болған жағдайда) тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, байланыс нөмірлері мен электронды мекенжайы | Ержан Манарбек Манепханұлы, Директор 87787880087 87760042265 beken.zhastary@gmail.com |
| 7. | Бас есепшінің (болған жағдайда) тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, байланыс нөмірлері (ұялы телефон нөмірімен қоса), электронды мекенжайы | Ахатаева Бибігүл Қалдекенқызы 87013437134 beken.zhastary@gmail.com |
| 8. | Еңбек ресурсы барлығы: | 75 |
| | Оның ішінде: | |
| | Штаттағы қызметкерлер | 1 |
| | Шақырылған мамандар | 4 |
| | Волонтерлер | 70 |

Өтініш берушінің әлеуеті туралы ақпарат

1. Ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның ұйымның жарғылық қызметіне сәйкестігінің негіздемесі.

«Бекен» жас көшбасшылар достастығы» қоғамдық қоры (әрі қарай – Қор) құрылғаннан бастап, өңірдегі жастардың бойында көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру, жас көшбасшылар пулін қалыптастыру және волонтерлік бағдарламалар арқылы қоғамның белсенді мүшелерін жасақтау бағытындағы кешенді жұмыстарға басымдық беріп келеді. **Қор Жарғысына сәйкес қор мақсаты** жастардың бойында **белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, отансүйгіштік сезімді, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру,** сонымен қатар, Қазақстанның даму стратегиясы мен мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда жастарды белсенділікке және нәтижелі дамуға жағдайлар жасау болып табылады.

Қор қызметінің міндеттері:

- жастардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру,
- жастар шығармашылығын дамыту,
- салауатты өмір салтын қалыптастыру,
- жастардың жұмыспен қамтылуына ықпал ету,
- жастар кәсіпкерлігін дамыту,
- жастар арасында қылмысты болдырмау,
- жастардың мәртебесін көтеру, әлеуметтік мәселелерін шешу,
- еріктілер қозғалысын дамыту,
- ауыл және жұмысшы жастардың әлеуетін көтеру,
- жастар арасында мемлекеттік жастар саясаты мен жастарға арналған бағдарламаларды насихаттау,
- өңірдегі жас отбасыларды қолдау, олардың арасында неке құндылықтарын насихаттау,
- мемлекеттік тілді жастар арасында насихаттау,
- жастар арасында ұлттық дәстүрді жаңғырту,
- жастар арасындағы ақпараттық – насихаттық жұмыстарды жандандыру;
- Қазақстан халқы этностарының арасында ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуда жастардың қосатын үлесін арттыру.

Қор – Маңғыстау облысы әкімдігі жанындағы жастар ісі кеңесінің, «Маңғыстау облысының Азаматтық Альянсы» ЗТБ, «Қазақстан жастарының Конгресі» ЗТБ, «Ұлттық волонтерлік желі» ЗТБ, «Жастар қызметкер қауымдастығы» РҚБ белсенді әрі беделді мүшесі.

Сонымен қатар, қоғамдық қор Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласында өткен «Мы вместе» Азаматтық қатысудың халықаралық форумы аясында ТМД мүше елдерінің, Гүржістан, Түркия мемлекетінің үкіметтік емес ұйымдарымен және жастар ұйымдарымен серіктестік орнатты.

2. Өтінің берушінің грант тақырыбы бойынша жұмыс тәжірибесі.

Соңғы 3 (үш) жылда жүзеге асырылған немесе жүзеге асырылып жатқан осыған ұқсас әлеуметтік жобалар және (немесе) әлеуметтік бағдарламалар көрсетіледі (ұйымның жекелеген

қызметкерлері өздігінен өткізген немесе өзге ұйымдар арқылы жүзеге асырған жобалар мен қызмет түрлері ұйымның өзінің жұмыс тәжірибесі болып саналмайды).

| Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның жүзеге асырылу мерзімі | Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның атауы (негізгі қызмет түрі) | Тапсырыс берушінің атауы (донор) және жүзеге асырылған әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның географиялық қамтылу аймағы | Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның құны | Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның нәтижесі |
|---|--|---|---|---|
| Шілде-тамыз 2020 жылы | «Өңірде ерікті жастардың қозғалысын дамытуға бағытталған іс-шараларды өткізу» мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы | «Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасы» ММ Географиялық қамтылу аймағы: Маңғыстау облысы | 530 000 теңге | Маңғыстаулық 50-ге жуық волонтер республикалық экологиялық акциясына қатысты; Ауыл-аймақтағы 80-нен астам волонтер «Әлеуметтік жобалау» тақырыбында оқытудан өтті. |

Сонымен қатар «Бекен» жас көшбасшылар достастығы 2017 жылдан бастап «Болашаққа сеніммен», «Демеу», «Волонтерлар корпусы» жобаларын және «Қыз жолы» әлеуметтік және телевизиялық жобасын жүзеге асырып келеді.

«Бекен» жас көшбасшылар достастығы өңірдегі мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырушы әрі облыс жастарымен тікелей жұмыс жасайтын **жастар ресурстық орталықтарының қызметін жетілдіру, жастар қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және жастармен жұмыс жүргізуде тың тәсілдерді енгізу бойынша Маңғыстау облысындағы барлық жастар ресурстық орталықтарымен әріптестік** орнатылған. Нәтижесінде, «Болашаққа сеніммен» жобасы аясында 2018 жылы 15 – ге жуық тақырыпты, барлығы 154 еріктіні, 200 студентті қамтыған оқыту шарасын ұйымдастырып келеді. Аталған жоба қатысушылары жастар мен жасөспірімдер болып табылады. Оларға өмірлік маңызы бар дағдыларды қалыптастыру бойынша кешенді іс-шаралар ұйымдастырылды. 2019 – 2020 жылы аталған жоба аясында өңірдегі жастар ресурстық орталықтарының 70 маманы «Мемлекеттік жастар саясаты», «Жастардың қажеттіліктерін анықтау», «Жастар жобалары мен бағдарламаларын жасақтау», «NEET санатындағы жастармен жұмыс жасау» және «Әлеуметтік желі мен интернет-ресурстарын пайдалану» тақырыптары бойынша біліктілігін арттырып, сарапшы маман атанды. 2021 – 2022 жылдары аралығында жоба аясында өткен «Әлеуметтік жобалау» тақырыбындағы семинар нәтижесінде өңірдегі жастар ресурстық орталықтарының қызметі жобалық басқару форматын көшірілді. Сонымен қатар, өңірдегі волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтарға арналған бірыңғай волонтерлік білім беру бағдарламасы жасақталды.

2018 – 2020 жылдары 15 спикер, 500 – ге жуық қызды қамтыған «Қыз жолы» жобасы жүзеге асырылды. Жоба аясында қордың «Instagram» әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында #QyzJoly айдары іске қосылып, оқырмандармен тікелей байланыс орнатылып, қыз-келіншектерге, аналарға арналған ақпараттық жазба жарияланды. <https://mangystaumedial.kz/kk/zhanalyktar/25311>, <https://mangystaumedial.kz/kk/kogam/78503>, <https://tumba.kz/%D1%82%D1%8B%D0%BD%D1%8B%D1%81/47-%D1%82%D1%8B%D0%BD%D1%8B%D1%81/26073-kizdarterbie.html>

Жобаның екінші кезеңі бойынша 2021 жылдан бастап өңірдегі «Маңғыстау» телеарнасында «Қыз жолы» телевизиялық жобасы бастау алды. Телевизиялық жоба аясында «Қыздар денсаулығы», «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі», «Сәби сүйгім келеді», «Қыз тағдырына мансаптың ықпалы», «Қыз бала - ана» және т.б. қыздар арасындағы әлеуметтік мәселелерді талқылауға бағытталған 16-бағдарлама халық назарына ұсынылып келеді.

Бағдарламаны сілтемесі: https://mangystautv.kz/kz/programs/qyz_zholy_aktau/archive

Қор 2017 жылдан бастап 550 – ге жуық жастың басын біріктірген Маңғыстау облысының ең үздік еріктілер мектебі – «Волонтерлар корпусы» бастамашыл тобының жұмысын үйлестіріп, еріктілер қаламыздағы 268 отбасыға әлеуметтік көмек көрсетіп, 171 азаматқа адрестік көмек көрсетіп келеді. Еріктілер Шығыс Қазақстан облысында болған табиғи апатта зардап шеккен отбасыларға 400 кг – жуық азық-түлік пен киім-кешек жөнелтті.

31 облыстық, 7 республикалық, 5 халықаралық деңгейдегі іс – шараларда волонтерлік етті.

Мақтаралда болған су тасқынынан зардап шеккендерге гуманитарлық көмек жинап, ел азаматтары мен қала тұрғындарының көмегімен 77,5 тонна гуманитарлық жүк жиналды. Аталған гуманитарлық жүкті сұрыптау жұмысына облыстық волонтерлар корпусының волонтерлары жұмылдырылды.

Сонымен қатар, пандемияның алғашқы толқынында қор жанынан құрылған Маңғыстау облысының волонтерлар корпусы оперативті қызмет көрсететін волонтерлік штаб құрып, азаматтарға ақпараттық және адрестік қолдау көрсетті. Ахмет Байтұрсынұлы білім академиясымен бірлесе «Birgemiz: Bilim» жобасын жүзеге асырып, ауыл-аймақтағы әлеуметтік жағынан осал топтағы отбасыдан шыққан 200 оқушыны Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындап, тәлімгер болды. Нәтижесінде 80 оқушы мемлекеттік грантқа, 22 талапкер 100 баллдан жоғары балл жинады.

2020 жылы пандемияда көзге көрінбейтін майданның алғы шебінде жүрген дәрігерлермен бірлесе, Ақтау қаласындағы провизорлық стационарда қор жанынан құрылған Маңғыстау облысының волонтерлер корпусы қызмет атқарып, науқастарға қолғабыс жасады.

2021 жылы «Елбасы жылуы» науқаны аясында волонтерлар азық-түлік, гигиена құралдары мен тұрмыстық заттар жиналған фургонды қарсы алып, жүкті түсіру, сұрыптау жұмысын толық атқарып, жастар ұйымдарымен бірлесе ардагерлердің үйіне жеткізді. Аталған гуманитарлық көмекті өңірдегі 73 ардагердің әрқайсысы (соғыс және тыл, оларға теңестірілген ардагерлер) 130 кг құрайтын гуманитарлық көмекті алды.

Маңғыстау облысының волонтерлар корпусы туралы БАҚ:

- <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/o-am/item/367949-ma-ystauly-volonterler-sayakhatsylardy-irdi-tarikhymen-tanystyrady>
- <https://dknews.kz/ru/kazak-tilindegi-makalalar/91616-mangystaуда-eriktiler-korpusy-su-taskynynan-zardap>
- https://baq.kz/ma-ystaуда-volonterlik-shtab-ryldy_221151/
- <https://egemen.kz/article/218103-manhghystaуда-barlyq-oqu-oryndarynda-volonterlyq-korpustar-ashylady>
- https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/mangyistauyik-eriktiler-marapattaldy-303183/
- <https://kaz.elorda.info/aleumet/16133-mang-ystaulyk-volonterler-igi-istin-bastamashysy-bolyp-zhur/>
- https://lenta.inform.kz/ru/mangyistauyik-volonterler-bir-zhyldagy-zhumystaryn-korytyndylady_a3591145

Өңірдегі әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған жобаларды «Бекен» жас көшбасшылар достастығы **қор қаржысының есебінен және фандрайзинг арқылы** жүзеге асырып келеді.

«Бекен» жас көшбасшылар достастығы өңірдегі бірқатар мемлекеттік мекемелермен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, үкіметтік емес ұйымдармен, бизнес қауымдастықпен тығыз байланыста және ортақ жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыруда.

Сонымен қатар, қор басшылығы өңірдегі мемлекеттік жастар саясатын дамыту бойынша қоғамдық кеңестің мүшесі ретінде кешенді жоспарды жасақтауда белсенді қатысушы болып табылады.

3. Өтініш берушінің әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға арналған материалдық-техникалық базасының болуы.

Ұйымның әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға дайындығы баяндалады (техникалық-экономикалық көрсеткіштер).

Өтініш беруші келесідей материалдық-техникалық базаға ие:

«Бекен» жас көшбасшылар достастығы Маңғыстау облысының жастар ресурстық орталығының әлеуметтік серіктестігі аясында Ақтау қаласындағы «Жастар үйі» ғимаратында орналасқан **толық жиһазбен қамтылған 90 ш.м. құрайтын кеңсені ақысыз негізде** пайдаланып отыр. Аталған кеңседе қала жастарының бас қосатын «Арман» **коуоркині** қызмет етуде. Коуоркиңте сыйымдылығы 30 адам болатын оқыту залы, 200-ден астам шетелдік және отандық кітап қоры бар кітапхана, үстел ойындары бар демалыс зонасы бар. Сонымен қатар, коуоркиңге келушілердің тегін WI-FI, ноутбуктармен пайдалану мүмкіндігі қарастырылған. Бүгінде аталған алаңды жас көшбасшылар, волонтерлер, дизайнерлер, фотографтар, копирайтерлер және т.б. қала жастары бос уақытын тиімді өткізуде. Сонымен қатар, онда жастар мен жасөспірімдерге арналған тегін шеберлік-сағаттар, семинар-тренингтер және мәдени кештер тұрақты ұйымдастырылып келеді.

Компьютерлер:

Intel Core i7-2600 жиынтықтағы компьютері – 2 дана;
Sony VAIO VPC-EB2M1R ноутбугі – 1 дана;
Lenovo IdeaPad 3 15IGL05 ноутбугі – 1 дана.

Принтерлер:

LaserJet Pro MF231 көп функциялы құрылғысы – 1 дана.

Фото-видео аппаратура:

CANON EOS 2000D EF-S 18-55 мм DC III айналы фотоаппараты – 1 дана;
CANON EOS 5D Mark IV kit 24-105mm f/4.0L IS USM II фотоаппараты – 1 дана.

Фото-видео түсірілімге қатысты қосалқы заттар:

BOYA BY-M1 микрофон-петличкасы – 1 дана;
Yongnuo YN608 LED 3200-5500K айналмалы жарықтандырғыш – 1 дана;
Yongnuo YN900 3200-5600K жарықдиодты панель – 1 дана.

Қосымша:

ViewSonic PA503X әмбебап проекторы – 1 дана.

Soft-бағдарламалар, интернет ресурстар:

Волонтерлердің өзекті e-mail базасы - 532 мекенжайы;
 Жоғары жылдамдықты интернетке тұрақты қол жетімділік;
 Ақылы Zoom жазылымы.

«Бекен» жас көшбасшылар достастығының барлық қызметкерлерінің жоғары білімі, ҰЕҰ саласында және мемлекеттік секторда жұмыс тәжірибесі бар.

«Бекен» жас көшбасшылар достастығы барлық қажетті әкімшілік және экономикалық ресурстарға, банктік шотқа, қажетті жабдықтарға, компьютерлік және кеңсе техникаларына, жоғары жылдамдықты Интернет желісіне ие. Экономикалық және қаржылық көрсеткіштер бойынша «Бекен» жас көшбасшылар достастығы өзін қаржылық қамтамасыз етудің әртүрлі амплитудасы бар жобаларды іске асыру саласында жеткілікті тәжірибесі бар тұрақты ұйым ретінде көрсетті. Сондай-ақ, «Бекен» жас көшбасшылар достастығы серіктестер мен өкілдердің кең желісінің арқасында жобаны жүзеге асыру үшін қосымша қаражат тарту мүмкіндігіне ие.

Әртүрлі салалардағы волонтерлік жобаларды іске асырудағы орасан зор тәжірибенің арқасында «Бекен» жас көшбасшылар достастығы түрлі салалардағы сарапшылармен әріптестік және достық қатынастарды қолдайды, бұл бізге жобаларға сарапшылар мен мамандарды өтеусіз негізде қысқа мерзімді міндеттерге қосымша тартуға мүмкіндік береді.

«Бекен» жас көшбасшылар достастығы әлеуметтік жобаны іске асыруға дайын, техникалық сипаттамалары ұсынылған жобаға толық сәйкес келеді.

«Бекен» жас көшбасшылар достастығы ҰЕҰ-ға арналған ұлттық дерекқорлар мен порталдардан тұрады:

- Қазақстан Республикасының «Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына» енді және 2022 жылғы мәліметтер уақтылы ұсынылды (<https://infonpo.gov.kz/web/guest/otkrytyj-reestr>)

- Республикалық волонтерлердің бірыңғай платформасында тіркелген (<https://qazvolunteer.kz/kk/organizations/1682>)

- Маңғыстау облысының жастар ресурстық орталығының жастар ұйымдары бойынша дерекқорында бар. www.mangystauzhastary.kz

- Маңғыстау облысындағы үкіметтік емес ұйымдардың порталында бар. <https://npomangystau.kz/бекен-жас-көшбасшылар-достастығы/>

Қордың банкте есеп айырысу шоты бар бюджет алдында, оның ішінде салықтық берешегі жоқ.

3. Өтініш берушінің жобалық тобының құрамы (жобаланған әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға тартылатын қызметкерлер).

| Жобалық топ мүшесінің (болған жағдайда) аты-жөні | Лауазымы | Қызметкердің әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама міндетіне сәйкес жұмыс тәжірибесі, жобалардың атауы және оларды жүзеге асырудағы рөлін көрсете отырып | Жұмыс тәжірибесі (жылдардың санын көрсету) | Әлеуметтік жобадағы және (немесе) әлеуметтік бағдарламадағы міндеттері, жауапкершілігі |
|--|-------------------|--|--|--|
| Салқынбаева Фатима Давитбайқызы | Жоба координаторы | 2010 – 2019 жж. О.Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі – әдіскер | 12 жыл | Өңірлер мен басқа әріптестерді тарту, жобаның негізгі іс-шараларын іске |

| | | | |
|--|--|---|---|
| | | <p>2019 – бүгінгі күнге дейін. Yessenov University «Бизнес және құқық» факультетінің вице-деканы.</p> <p>Біліктілігі:</p> <p>2017 жылы. London Great Britain. University of Gloucestershire «Teacher Training and Academic English» - тағылымдама, қатысшы;</p> <p>2018 жыл – осы уақытқа дейін ҚР БҒМ «Кәсіпкер Холдинг» ҰАҚ – тренер;</p> <p>3-15 қараша 2018 ж. – «Zhas Project» жобасының консультанті;</p> <p>2019 жылы - өмір сүретін ортаны жақсартуға және жергілікті қала мен ауыл деңгейіндегі қауымдастықтарды дамытуға бағытталған жастар бастамаларын қолдау бойынша «JasA!» жобасының менторы;</p> <p>Наурыз-қараша 2020 ж. – «Біргеміз:Білім» жалпұлттық жобасының тәлімгері;</p> <p>3 мамыр 2020 ж. - Coursera University of Michigan «The Future of Payment Technologies» - тыңдаушы;</p> <p>9 мамыр 2020 ж. - Coursera University of</p> | <p>асыру, сарапшылар жұмысын үйлестіру, жобаның одан әрі тұрақтылығын үйлестіру</p> |
|--|--|---|---|

| | | | | |
|-------------------------------|---------------|---|-------------|--|
| | | <p>Michigan «Time value of Money» - тыңдаушы;</p> <p>30 мамыр 2020 ж. - Coursera University of ILLINOIS «Understanding Financial Statements Company Performance» - тыңдаушы;</p> <p>31 мамыр 2020 ж. - Coursera University of Rutgers «Supply Market Analysis» - тыңдаушы.</p> | | |
| Ахатаева Бибігүл Қалдекенқызы | Ұйым есепшісі | <p>2003 – 2008 жж. – «ҚазТрансОйл» АҚ – инспектор;</p> <p>Наурыз – желтоқсан 2008 ж. – «МСА» ЖШС - материалдық есепші;</p> <p>2009 – 2011 жж. – «Ақтау Сауда» ЖШС – материалдық есепші;</p> <p>Наурыз 2012 ж. – қаңтар 2013 ж. - "Маңғыстау облыстық мүгедектерді оңалту орталығы" ММ – бас есепші;</p> <p>Ақпан 2013 ж. – ақпан 2014 ж. – «ТМТ-Бәйтерек» ЖШС – өңірлік менеджер;</p> <p>Маусым 2014 ж. – қаңтар 2016 ж. – «Force Trade Company» ЖШС – сату бөлімінің басшысы;</p> <p>Қаңтар 2016 ж. – маусым 2018 ж. – «Батыс-Тұрмыс» ЖШС – есепші</p> | 17 жыл 5 ай | Бухгалтерлік есепті толық жүргізу және жоспарлау, сондай-ақ осы жоба бойынша уақтылы қаржылық есепті тапсыру |

| | | | | |
|--|--|---|--------|--|
| | | <p><i>Қыркүйек 2018 ж. – осы уақытқа дейін – Ақтау қаласындағы №9 орта мектебі - есепші</i></p> <p><i>Наурыз 2017 ж. – осы уақытқа дейін - «Бекен» жас көшбасшылар достастығы» ҚҚ – қаржылық мәселелер жөнінде кеңесші (қоғамдық негізде)</i></p> | | |
| Исеков Серікғали Болатұлы | Ұйым дизайнері және жобаның СММ және жобаны ақпараттық жариялау жөніндегі маманы (қоғаммен байланыс жөніндегі) | <p><i>2008-2010 жж. – Маңғыстау облысының білім беруді ақпараттандыру оқу-әдістемелік орталығының графикалық дизайнері;</i></p> <p><i>17 қаңтар – 1 сәуір 2011 жылы – Облыстық мамандандырылған метеп-интернатының баспасөз маманы;</i></p> <p><i>5 тамыз 2011 жылдан – бүгінгі күнге дейін – «Ақберен» өндірістік кооперативінің графикалық дизайнері</i></p> | 14 жыл | <p>Әлеуметтік желілерде жариялау үшін ақпараттық нақандар, презентациялар, суреттер материалдарын визуалды рәсімдеу;</p> <p>Әлеуметтік желілерді жүргізу, контент-жоспар құру, әлеуметтік желілерде контент жасау және жариялау.</p> |
| Өтеусіз негізде (кеңесші ретінде) | | | | |
| Бектұр Тимур Амантайұлы | Жоба сарапшысы | <p><i>Қазан 2007 ж. - қаңтар 2008 ж. – «Қазақстан Темір Жолы» ҰК НОД-14, Ақтау АБЖ бөлімінің бастығы;</i></p> <p><i>Қаңтар 2008 ж. - мамыр 2010ж. - Агір КСО, Атырау мұнай-газ барлау компаниясы, Атырау Оқу орталығының стажері, арнайы жоба-3;</i></p> <p><i>Маусым 2009 ж. - қараша 2011 ж. - Агір КСО, Атырау мұнай-газ барлау компаниясы, Шағала орталығының ІТ тәуекелдерді басқару</i></p> | 15 жыл | <p>Жобаны әдістемелік сүйемелдеу, мониторинг, жоба аясындағы процестерді үйлестіру;</p> <p>Жоба қажеттіліктерін зерттеу және үздік тәжірибелерді талдау.</p> |

| | | | | |
|--|--|--|--|--|
| | | <p>және сапаны қамтамасыз ету, ат-тәуекелдерді басқару және өнімділікті басқару бойынша кеңесші;</p> <p><i>Қараша 2011 ж. - қаңтар 2013 ж.</i> – North Caspian Production Operations Company (NCPOC), Мұнай және газ өндіру компаниясының (Атырау) Riverside IT / IM аналитик ИБ, IT департаменті;</p> <p><i>Қаңтар 2013ж. - қаңтар 2014ж.</i> – «Қазақстанның Жас Кәсіпкерлер Қауымдастығы» бөлімшесінің Төрағасы;</p> <p><i>Қаңтар 2014 ж. – бүгінгі күнге дейін</i> - «Грант Қазақстан» Корпоративтік қорының директоры;</p> <p><i>Ақпан 2016 ж. – бүгінгі күнге дейін</i> – «Mangystau Today» АА меншік иесі және бас редакторы;</p> <p><i>Тамыз 2011 ж. – бүгінгі күнге дейін</i> жеке кәсіпкер "Тимур"</p> <p><i>Қаңтар 2019 ж. - маусым 2019 ж.</i> – «Қазақстан» РТРК» АҚ Диджитал департаментінің директоры</p> <p><i>Қаңтар 2020 ж. - бүгінгі күнге дейін</i> – «BTS Education» компаниясының продакт менеджері</p> <p>Жеке жобалары:</p> <p>www.it-tirlik.kz - #1 Қазақстанда IT</p> | | |
|--|--|--|--|--|

| | | | | |
|--|--|---|--|--|
| | | <p>саласындағы онлайн-журнал (жаңалықтар, аналитика, нұсқаулықтар, сұхбат)</p> <p>www.epub.kz - кітап сүйер қауымға арналған алғашқы қазақ тілді электрондық кітапхана</p> <p>www.mangystautoday.kz - "Mangystau Today" АА, бас редактор және меншік иесі</p> <p>https://edunavigator.kz/ - Қазақстанның оқу орындарында мамандық пен оқу бағдарламасын таңдайтын кәсіби бағдар беру платформасы</p> | | |
|--|--|---|--|--|

5. Үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі (**жергілікті атқарушы органдардың Жоспарында көзделген грант тақырыбына өтінім берілген жағдайда толтырылады**).

Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның жүзеге асырылуы жоспарланған өңірдегі жұмыс тәжірибесін сипаттаңыз.

| Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның жүзеге асырылу мерзімі | Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның атауы (негізгі қызмет түрі) | Тапсырыс берушінің атауы (донор) және жүзеге асырылған әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның географиялық қамтылу аймағы | Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның құны | Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның нәтижесі |
|---|--|---|---|---|
| Шілде-тамыз 2020 жылы | «Өңірде ерікті жастардың қозғалысын дамытуға бағытталған іс-шараларды өткізу» мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы | «Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасы» ММ Географиялық қамтылу аймағы: Маңғыстау облысы | 530 000 теңге | Маңғыстаулық 50-ге жуық волонтер республикалық экологиялық акциясына қатысты; Ауыл-аймақтағы 80-нен астам волонтер |

| | | | | |
|--|--|--|--|---|
| | | | | «Әлеуметтік жобалау» тақырыбында оқытудан өтті. |
|--|--|--|--|---|

Ұсынылатын әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның мазмұны

1. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама туралы негізгі ақпарат.
осы нысанды толтыру кезінде әлеуметтік жобаның мақсаттары, күтілетін нәтижелер, іске асыру мерзімі және жобаның аумақтық қамтылуы Грант жоспарына қатаң сәйкес келуі керек.

| | |
|---|---|
| <p>Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның мақсаты</p> | <p>Өңірдегі жастар ұйымдары басшыларының кәсіби құзыреттерін олардың тағылымдамаларға қатысуын ұйымдастыру арқылы дамыту</p> |
| <p>Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның міндеттері</p> | <ul style="list-style-type: none"> - Тағылдамаға қатысушы үміткерлерді анықтау, іріктеу, даярлау және оқыту; - Жастар ұйымдарының жетекшілері үшін ТМД елдеріндегі ҮЕҰ-ына және әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарына тағылымдамалар ұйымдастыру (кемінде екі ел) - Тағылымдамаға қатысушыларға тағылымдамаға дайындық және одан өту кезеңдерінде ақпараттық және консультациялық қолдау көрсету; - Жобаның іске асырылуын ақпараттық жария етуді, оның ішінде жоба қорытындылары бойынша мақалалар топтамасын шығару және БАҚ-та сөз сөйлеу арқылы қамтамасыз ету; - Өңірдегі мансаптық өсуге ынталы, кәсіби дағдылар мен басқарушылық құзыреттерді дамытудың жоғары деңгейіне ие қазіргі заманғы және тиімді жас көшбасшылардың пулын қалыптастыру. |
| <p>Ұсынылатын іс-шаралар</p> | <p>«Бекен» жас көшбасшылар достастығы» қоғамдық қоры Маңғыстау облысындағы белсенді әрі тәжірибелі жастар ұйымдарының бірі болып табылады. Қор жастар ұйымдарының арасындағы алғашқылардың бірі болып қор қаржысының есебінен немесе фандрайзинг арқылы әлеуметтік мәселелерді шешуді және аталған мәселелерге қоғамдық күштерді жұмылдыру қолға алды.</p> <p>Қор жоба аясында өңірдегі ең ауқымды жастарға арналған тағылымдамадан өту мүмкіндігін беретін байқау ұйымдастырады. Қор байқаудың ашықтығын, әділдігі мен есептілігін қамтамасыз етеді. Байқауға қоғамның барлық өкілдері шақырылады. Қор жоба аясында өңірдегі әртүрлі салада қызмет етіп жүрген жастарды жігерлендіру әрі</p> |

ынталандыру, олардың әлеуетін арттырудың тың құралын ұсынады.

Жоба үш кезеңнен тұрады:

Жобаның ашықтығын, әділдігін, есептілігін әрі азаматтық қоғамның қатысуын қамтамасыз ету мақсат ететін **дайындық кезеңі**, тағылымдаманың ұйымдастыруға бағытталған **негізгі кезеңі** және жобаның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін **қорытынды кезеңінен тұрады.**

Қор аталған жобаның жаңалығы (инновациясы) ретінде тағылламаға қатысушы үміткерлерді анықтау, іріктеу, даярлау және оқыту бойынша кешенді жұмыс жүргізеді:

№1 іс-шара. Өңірдегі белсенді жас азаматтардың (жастар ұйымдарының жетекшілері, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының мүшелері, жастар қызметкерлері, жас қоғамдық көшбасшылар, жас мамандар, жас депутаттар, жас саяси белсенділер, волонтерлер) арасында тағылымдамадан өту мүмкіндігі жөнінде кешенді ақпараттық жұмыстарды ұйымдастырылады;

№2 іс-шара. Тағылымдамадан өтуге арналған ашық конкурс жарияланады, қосымша қоғам тарапынан ұсынылған үміткерлер де конкурсқа шақырылады;

№3 іс-шара. Тағылымдамаға қатысушы үміткерлердің құжаттарын қабылдау www.mangystauzhastary.kz сайты арқылы жүргізіледі және техникалық іріктеу ұйымдастырылады. Сонымен қатар, қызығушылық танытқан барлық азаматтар үшін мессенджерлерде байланыс тетігі (чат-бот) пайдалануға беріледі;

№4 іс-шара. Қор тағылымдамаға қатысушыларды іріктеу бойынша критерийлерді анықтайды және қоғам белсенділерінің, мемлекеттік органдардың, БАҚ саласының кәсіби әрі беделді өкілдерінің қатысуымен конкурстық комиссия құрамын жасақтайды;

№5 іс-шара. Қор конкурстық комиссия жұмысын ұйымдастырады және ашықтығы мен әділдігін, есептілігін қамтамасыз ету

мақсатында комиссия отырысы қордың әлеуметтік желлердегі ресми парақшаларында тікелей эфирде көрсетеді.

№6 іс-шара. Жобалық топ Конкурстық комиссия бекіткен тағылымдама қатысушыларымен тағылымдама бағдарламасын жасақтау мақсатында сұхбаттасу ұйымдастырады.

Жобаның негізгі бөлімінде өңірдегі жастар ұйымдарының жетекшілері үшін ТМД елдеріндегі (кемінде екі ел) ҰЕҰ-ына және әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарына тағылымдамалар ұйымдастырылады.

Осы мақсатта келесідей іс-шаралар өтеді:

№1 іс-шара. Жобалық топ азаматтық қоғам институттары дамыған, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда және мемлекет пен ҰЕҰ арасындағы байланыс нәтижесінде айтарлықтай жетістікке жеткен ТМД елдеріндегі (Тапсырыс берушінің келісімімен қордың серіктестері Ресей Федерациясы, Қырғызстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы, сонымен қатар, Грузия Республикасы, Түркия Республикасы) ҰЕҰ-нда және әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарында үш күндік сапар ұйымдастыру бойынша дайындық жұмысын жүргізеді. Яғни, жобалық топ қатысушыларды ілеспе құжаттармен, жол жүру, жатын-орнын және тамақтануын қамтамасыз етеді және қажетті имидждік материалдарды дайындайды. Оларды тағылымдамаға қатысушы делегаттардың барып-келуін ұйымдастырады және қатысушылардың тағылымдама бағдарламасына толық қатысуына ықпал етеді. Сонымен қатар, қатысушыларды баратын елдің әлеуметтік-мәдени аспектілері туралы ақпаратпен қамтамасыз етеді.

№2 іс-шара. Жобалық топ үш жақты (қатысушы-ұйымдастырушы-серіктес) келісім негізінде Тапсырыс берушінің келісімімен сапардың алғаш күнінде кемінде 3 ҰЕҰ қызметтік кеңсесіне барып, олардың қызметімен танысады. Екінші күні кемінде 3 жастар ұйымы мен волонтерлік ұйымының фронт-офистерімен және олардың табысты жобаларымен танысады. Үшінші күні кемінде 3 әлеуметтік кәсіпкерлік нысанмен, жастарға арналған мәдени-демалыс кешенінің

(коуоркин, арт-студиялар, бизнес инкубаторлар) қызметімен танысады.

№3 іс-шара. Жобаның ашықтығы мен танымалдылығын арттыру бағытында **конкурс жеңімпазы атанып, тағылымдамадан өткен қатысушылар өңірдегі белсенді жастармен тәжірибе алмасуы, шетелдік әріптестерінен алған білімімен бөлісуі үшін ашық кездесу ұйымдастырылады.**

Жобалық топ тағылымдама қатысушыларына тағылымдамаға дайындық және одан өту кезеңдерінде ақпараттық және консультациялық қолдау көрсету бойынша келесідей іс-шаралар ұйымдастырады:

№1 іс-шара. Қор мамандары жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы ақпаратты әлеуметтік желілер мен БАҚ-та ілгерілету бойынша жобалық топ контент-жоспар жасақтайды;

№2 іс-шара. Қордың медиа маманы жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы әлеуметтік желілер мен БАҚ-та белсенді SMM жылжыту, материалдар мен роликтер дайындау және тарату жұмысын ұйымдастырады. Тарату жұмысына өңірдегі жастар арасында танымал инфлюенсерлер атсалысады. Мәселен, «инстаграм» әлеуметтік желісінде 30,6 мың оқырманы бар Берік Сұңғатов, 62,6 мың оқырманы бар Әлия Бекіш, 82,9 мың оқырманы бар Мадина Лепесбаева, 90,6 мың оқырманы бар Нұрбол Сағидуллин және т.б.;

№3 іс-шара. Медиа маман қордың және инфлюенсерлердің парақшалары, www.mangystauzhastary.kz сайты үшін жобаның барлық кезеңінде әлеуметтік желілерге арналған қысқа есептік роликтерді монтаждап, тұрақты түрде жариялап отырады;

№4 іс-шара. Серіктестермен бірлесе тағылымдамадан өтушілерге арналған нұсқаулық (қала картасы, жаяу жүргіншілерге арналған мобилді бағдарламалар тізімі, серіктестер мен қабылдаушы ел туралы ақпарат) дайындалады;

№5 іс-шара. Тағылымдамаға қатысушы делегаттармен кері байланыс орнату құралы ретінде олардың жеке парақшаларында ақпараттық жазбалар (тағылымдама барысы, тәжірибесі мен білімі туралы) жарияланады.

| | |
|--------------------------|---|
| | <p>№6 іс-шара. Жобалық топ тағылымдамадан өтуші – делегаттардың сұрақтары мен туындаған мәселелері бойынша онлайн және офлайн тұрақты байланыс орнатады.</p> <p>«Бекен» жас көшбасшылар достастығы жобаның кезекті жаңалығы (инновациясы) және жобаның тұрақтылығын қамтамасыз етудің тиімді құралы ретінде өңірдегі мансаптық өсуге ынталы, кәсіби дағдылар мен басқарушылық құзыреттерді дамытудың жоғары деңгейіне ие қазіргі заманғы және тиімді жас көшбасшылардың пулын қалыптастыруды ұсынады:</p> <p>№1 іс-шара. Қор тағылымдамадан өткен жастар ұйымдарының жетекшілерінен, өңірдегі белсенді жас азаматтардың, қоғамдық пікір көшбасшыларынан құрылған «Жас көшбасшылар клубын» құрады және жұмысын жүргізеді;</p> <p>№2 іс-шара. Қор мамандары жас көшбасшылар клубына мүше жастардың қоғамдағы беделін, жастар арасында танымалдылығын арттыру бойынша www.mangystauzhastary.kz сайтында пиар-кампания ұйымдастырады;</p> <p>№3 іс-шара. Қордың өңірдегі және еліміздегі сенімді серіктестерінің қолдауымен жас көшбасшылардың кәсіби өсуі, жаңа білім алуы және өзін-өзі жетілдіруі бойынша тұрақты 3 оқыту, 2 шеберлік-сағат, 1 тимбилдинг ұйымдастырылады.</p> <p>№4 іс-шара. Жас көшбасшылар клубы – өңір жастары үшін әлеуметтік лифт ролін атқарады. Осы мақсатта клубқа мүше жастар өңірдегі қоғамдық кеңестердің, жастарды дамыту бойынша үйлестіру кеңестерінің мүшелігін еніп, аймақтағы қоғамдық-саяси өмірге жаңа қарқын әкеледі.</p> |
| Аумақтық қамтылуы | Маңғыстау облысы |
| Мақсатты топтар | <ul style="list-style-type: none"> - 18-35 жас аралағындағы жастар; - Жастар ұйымдарының мүшелері мен жетекшілері; - Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары; - Саяси партиялар жанындағы жастар қанаты; - Волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтар; - Өндірістік кәсіпорындары жанындағы Жас мамандар кеңесінің мүшелері; |

| | |
|-----------------------------------|---|
| <p>Күтілетін нәтижелер</p> | <p align="center">- Үкіметтік емес ұйымдар.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өңірде алғаш рет жастар арасында шетелдік тағылымдамадан өту бойынша ашық конкурс өтіп, қоғамдық жұмыспен айналысып жүрген жас азаматтарды ынталандырудың жаңа құралы пайда болды; 2. Өңірдегі жастар ұйымдарының 10 жетекшісі ТМД мүше елдерінде үш күндік тағылымдамадан өтті; 3. Өңірдегі 10 ҮЕҰ шетелдік әріптестерімен серіктестік орнатып, тәжірибе алмасты; 4. Өңірде жастар арасында беделді, танымалдылыққа ие, кәсіби білікті жастардан тұратын көшбасшылар қауымдастығы қалыптасты. |
|-----------------------------------|---|

2. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асырудың негіздемесі.

| | |
|---|---|
| <p>Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама бағытталған мәселелер бойынша ағымдағы жағдайдың сипаттамасы</p> | <p>Соңғы жылдары жастар айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Жастардың жаңа қажеттіліктері пайда болды және жастарға қатысты жобаларды жүзеге асыру жолдары да өзгерді, жастар арасында жеке бірегейлік пен мәдени тәжірибелерге сұраныс артты. Қарама-қайшылықтар мен қақтығыстардың жаңа көзінің пайда болуы, жастардың белгілі бір іс-әрекетінің мотивациясы мен формаларының өзгеруі байқалады.</p> <p>Мәселен, Фридрих Эберт Қорының «Қазақстандағы жастар: құндылықтарды, үміттер мен ұмтылыстарды бағалау» 2021 жылғы зерттеуінде жастардың 48,5 %-ы еліміздегі білім сапасы халықаралық стандартқа сәйкес келмейді десе, 45 %-ы шетелде оқуды таңдайтындығын айтқан. 41,9 %-ы мамандық сәйкес емес жұмыс жасайды, 25,3 %-ы өмір сүру деңгейін көтеру үшін шетелге көшуге дайын екендігін көрсетті. Волонтерлік қозғалыстар мен ұйымдарға жастардың 40,5 %-ы сенеді, дегенмен 65,1%-ы олардың қызметіне қатыспаған. 80%-ы саясатқа аралысқысы келмейді, бірақ 60,7%-ы еліміздің саяси өмірінде жастардың өзін-өзі көрсетуіне әлдеқайда көп мүмкіндік берілуі қажет деп есептейді. 60,8 %-ы билік ұлттық бірегейлікті насихаттауға басымдық беру керек деп есептейді.</p> |
|---|---|

Аталған жайттар еліміздегі мемлекеттік жастар саясатына, жастар мәселелеріне жаңа стратегиялық қадам жасалуын көрсетіп отыр. Елімізде жастар арасында әлеуметтік құндылықтарды қалыптастырып, жастар мен мемлекет арасындағы делдал қызметін атқаратын жастар ұйымдары мен олардың жетекшілерінің маңызы зор. Бүгінде жастар ұйымдары жастардың әртүрлі топтарының мүдделерін білдіре отырып, жастардың ерікті түрде өзін-өзі ұйымдастыру формасы ретінде әрекет етіп отыр.

Дегенмен қазіргі жағдайда көптеген жастар ұйымдарының қызметі тұрақсыздықпен сипатталады. **Жаңа жастар ұйымдарының пайда болуымен қатар, олардың қызметін жиі "тоқтата тұру" байқалады. Бұған дәлел – тұрақты жастар ұйымдарының толық тізімі немесе статистикалық деректердің жоқтығы. 2017 жылы Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің (қазіргі Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі) дерегі бойынша елімізде 500-ге жуық жастар қоғамдық бірлестігі тіркелген. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының 2021 жылғы әлеуметтік зерттеуі жастар арасындағы аталған қоғамдық ұйымдардың қызметі не олардың жетекшілері туралы ақпарат өте аз екендігін, жастардың олардың іс-шараларына қатысу деңгейін төмен екендігін көрсетіп отыр. Сауалнамаға қатысушылардың 9,6%-ы ғана жастар ұйымдарының іс-шараларына өз бастамасымен қатысқан, 31,2%-ы жастар ұйымдарының қызметінен хабарсыз не 31,0%-ы қатысуға мүдделі емес.** Сонымен қатар, еліміздегі ірі жастар ұйымдарының шоғырлануының біркелкі болмауына байланысты өңірлердегі жастардың тәжірибелі қоғамдық ұйымдармен бірлесе жұмыс атқаруға, тәжірибе алмасуға, қоғамдық ұйымдардың мүмкіндігі мен әлеуеті жөнінде ақпарат алуға мүмкіндігі жоқ.

Мәселен, Маңғыстау облысының ішкі саясат басқармасының мәліметіне сәйкес өңірде **803 үкіметтік емес ұйым тіркелген** болса, Маңғыстау облысының жастар ресурстық орталығының мәліметі бойынша **өңірде 30-ға жуық жастар ұйымы** белсенді қызмет атқаруда.

| | |
|--|--|
| | <p>Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері басқармасының ақпаратына сәйкес жастар облыс халқының 21%-ын яғни 149 674 жасты құрайтынын ескерсек, өңірде жастардың бастамаларына қолдау көрсету, олардың қажеттілігін анықтау, құқықтары мен мүддесін қорғау бағытында кешенді қызмет ететін жастар ұйымдарына сұраныс өте жоғары.</p> <p>Жобаға өтінім тапсыру барысында «Бекен» жас көшбасшылар достастығы Маңғыстау жастарының қажеттілігін анықтау мақсатында әлеуметтік зерттеу жүргізді. Әлеуметтік зерттеуге облыс бойынша 398 респондент (сенім интервалы 95%) қатысты, оның 55%-ы әйел (219 адам), 45,5%-ы (181 адам) ер адам. Сауалнамаға қатысқан жастардың 52,8%-ы мемлекет жастарға толық қолдау көрсете алмай отыр десе, 39,4%-ы кейбір қиындыққа қарамастан, жастардың өзін-өзі дамытуына мүмкіндік бар деп жауап берген. 34,9%-ы қоғамдық жұмыстар жастардың өзін-өзі көрсетуіне әсер етеді деп жауап берген, алайда 89,7%-ы қоғамдық белсенділігі кезінде шетелдік тәжірибе алмасу алаңдарына қатысып көрмеген. Жастардың 38,4%-ы ерікті түрде жастар ұйымдарының шарасына қатысқан, 64,9%-ы жастар ұйымдары білім беру бағытындағы жобаларды жүзеге асыруға басымдық беру керек деп көрсеткен.</p> <p>Жоғарыда көрсетілген деректер – Маңғыстау облысында жастар ұйымдарына олардың қызметіне консультативтік, ақпараттық және әкімшілік қолдау көрсету, жастар арасында беделге ие, белсенді әрі білімді жас қоғамдық пікір көшбасшыларына қалыптастыру арқылы қоғамдық қызметпен айналысуды насихаттау, қоғамдық ұйымдардың мүмкіндігі мен әлеуетін арттыру мақсатында отандық немесе шетелдік тәжірибе алмасу алаңдарын ұйымдастыру қажеттілігін көрсетеді.</p> |
| <p>Статистикалық деректерге және (немесе) зерттеу деректеріне, соның ішінде өз зерттеулеріне сілтеме</p> | <p>1. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000285</p> <p>2. Фридрих Эберт Қорының «Қазақстандағы жастар: құндылықтарды, үміттер мен ұмтылыстарды бағалау» 2021 жылғы зерттеуі: http://library.fes.de/pdf-files/bueros/kasachstan/18456.pdf</p> |

| | |
|---|---|
| | <p>3. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының 2021 жылға арналған «Қазақстан жастары» талдамалық баяндамасы https://eljastary.kz/ru/research/18104/</p> <p>4. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің БАҚ берген сұхбаты: https://kz.kursiv.media/2017-08-27/v-kazakhstane-deystvuet-500-molodezhnykh-organizaciy/</p> <p>5. ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқынан Жолдауы: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/tokaev-sobyitiya-yanvary-pokazali-upuscheniya-rabote-460458/</p> <p>6. «Бекен» жас көшбасшылар достастығы» ҚҚ «Маңғыстау жастарының қажеттіліктерін анықтау» әлеуметтік зерттеуінің нәтижесі: https://mangystauzhastary.kz/сауалнама-2022-маңғыстау-жастары-отбас/</p> |
| <p>Мақсатты топтың қажеттіліктерін анықтау бойынша жұмыс туралы ақпарат (қажеттіліктерді бағалау)</p> | <p>«Бекен» жас көшбасшылар достастығы 2022 жылдың маусым айында Маңғыстау жастарының қажеттілігін анықтау мақсатында әлеуметтік зерттеу жүргізді. Сауалнаманың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында жастар арасындағы танымал инфлюенсерлер әлеуметтік зерттеуге атсалысты.</p> <p>Әлеуметтік зерттеуге облыс бойынша 398 жас қатысқан, оның 55%-ы әйел (219 адам), 45,5%-ы (181 адам) ер адам.</p> <p>Анонимді түрде жүргізілген сауалнамада жастардың дамуына, дүниетанымына, олардың құндылықтарына, мәселелері мен өңірдегі жастар саясатының даму динамикасына қатысты сұрақтар қойылды. Сауалнама нәтижесіне сүйенсек, өңір жастары басты құндылықты – отбасы мен достық, ең өзекті мәселені – жұмыссыздық, ең зиян әдеті – 6 сағаттан аз ұйықтау және өңірдегі ең тиімді әлеуметтік лифт – сапалы білім деп есептейді.</p> <p>Сауалнамаға қатысқан жастардың 83,4%-ы отбасы мен достықты ең маңызды құндылық деп санайды, 60,1%-ы отбасыда үйлесімділікті табу және балаларды тәрбиелеуді өмірінің басты мақсаты деп көрсеткен. Жастар дәл қазіргі уақытта бос уақытын ұйымдастыруда және жеке өмірінде қиындықтар бар екенін көрсеткен.</p> <p>Жастардың 59%-ы өңірдегі жастардың арасындағы ең өзекті мәселе жұмыссыздық деп есептейді, 52,8%-ы мемлекет жастарға толық қолдау көрсете алмай отыр деп</p> |

| | |
|--|--|
| | <p>есептейді. 39,4%-ы кейбір қиындыққа қарамастан, жастардың өзін-өзі дамытуына мүмкіндік бар деп жауап берген.</p> <p>Жалақының төмендігі, жалпы өмір сүру деңгейі аймақ жастарының өзге қалаға көшуіне себеп болуы мүмкін. Жастардың 41,5%-ы кәсіпкерлердің кеңесін тыңдауға дайын, 45,5%-ы қоғамға жас көшбасшылар қажет деп есептейді.</p> <p>34,9%-ы қоғамдық жұмыстар жастардың өзін-өзі көрсетуіне әсер етеді десе, өңірдегі белсенді жастардың 10,5%-ы ғана шетелдік іс-шараларға қатысқан.</p> <p>Сауалнамаға қатысқан жастардың 40,5%-ы жастар ресурстық орталығының қызметімен таныс емес және 38,7%-ы жастар орталықтары рухани іс-шараларға басымдық беруі қажет деп есептейді.</p> <p>Жастардың 38,4%-ы ерікті түрде жастар ұйымдарының шарасына қатысқан, 64,9%-ы жастар ұйымдары білім беру бағытындағы жобаларды жүзеге асыруға басымдық беру керек деп көрсеткен.</p> <p>Жалпы, жастардың 64,6%-ы болашаққа зор сеніммен қарайды.</p> <p>Қор мүшелікке кіретін Маңғыстау облысы әкімдігі жанындағы жастар ісі жөніндегі кеңесінің 2021 жылғы отырысында кеңес мүшелері аймақ басшысына өңір жастарының бәсекеге қабілеттілігін мен кәсіби құзыретін арттыру мақсатында жол жүру гранттарын тағайындау жөнінде ұсыныс берген болатын.</p> <p>Сонымен қатар, Маңғыстау облысының жастар ресурстық орталығының «Ауыл – ел бесігі» жастар керуені аясында ауыл-аймақтағы жастармен өткен фокус-топтық талқылауда облыс жастарына арналған республикалық және халықаралық тәжірибе алмасу алаңдарын ұйымдастыру қажеттілігі айтылған.</p> <p>Аталған жобаны жазу барысында аталған мемлекеттік ұйым мен қоғамдық кеңестің ұсыныстары ескеріліп, өңір жастарының шетелдік тағылымдамаларға бару қажеттілігі анықталды.</p> |
|--|--|

3. Мақсатты топтар (әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асырудан пайда алатын кімдер).

Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жоспарлау және іске асыру үрдісіне мақсатты топ өкілдерінің қатысуы сипатталады.

| Мақсатты топ | Саны | Жасы | Мақсатты топтың алатын пайдасы |
|--|--|-------|--|
| Маңғыстау облысындағы белсенді жастар, жастар ұйымдары, волонтерлік ұйымдар, бастамашыл топтар, саяси партиялар жанындағы жастар қанаты, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары, үкіметтік емес ұйымдар, өндірістік кәсіпорындар жанындағы жас мамандар кеңесі | Тікелей қамту кемінде 10 адам, жанама қамту кемінде 100 адам | 20-35 | <ul style="list-style-type: none"> - халықаралық алаңдарға қатысу мүмкіндігі; - өз жұмысында алғашқы көздерден халықаралық тәжірибені енгізу мүмкіндігі; - халықаралық сараптамалық ортаға тікелей қол жеткізуі; - халықаралық байланыс орнатуы; - халықаралық гранттық және білім беру бағдарламаларына қатысу мүмкіндігі. |

4. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама серіктестері мен мүдделі тараптар.

Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның барлық серіктестері мен мүдделі тараптар тізіліп (мысалы, мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, бизнес саласының өкілдері, БАҚ өкілдері, халықаралық ұйымдар және т.б.) олардың әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаға қатысуы, сондай-ақ қолдау түрлері (ақпараттық, кеңес беру) баяндалады.

| Серіктестің, мүдделі тараптың атауы | Қатысу түрі мен нақты бағыты |
|--|---|
| Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы | Мүдделі тарап |
| Маңғыстау облысының ішкі саясат басқармасы | Мүдделі тарап |
| Маңғыстау облысының жастар ресурстық орталықтары: 1. Маңғыстау облысының жастар ресурстық орталығы; 2. Мұнайлы аудандық жастар ресурстық жастар ресурстық орталығы; 3. Қарақия аудандық жастар ресурстық орталығы; 4. Түпқараған аудандық жастар ресурстық орталығы; 5. Бейнеу аудандық жастар ресурстық орталығы; 6. Маңғыстау аудандық жастар ресурстық орталығы | Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, аналитикалық, ұйымдастырушылық қамтамасыз ету. Соның ішінде конкурстық комиссияны қалыптастыруға қолдау көрсету. |
| Ақтау қаласының қоғамдық даму орталығы | Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, аналитикалық, ұйымдастырушылық қамтамасыз ету. |

| | |
|--|--|
| Жаңаөзен қаласының қоғамдық даму орталығы | Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, аналитикалық, ұйымдастырушылық қамтамасыз ету. |
| «Женская демократическая сеть» қоғамдық қоры (Қырғызстан Республикасы) | Халықаралық аналитикалық, халықаралық сараптамалық қолдау, тағылымдаманы ұйымдастыруға қолдау көрсету |
| «Центр негосударственных организаций» ЖШҚ (Ресей Федерациясы) | Халықаралық аналитикалық, халықаралық сараптамалық қолдау, тағылымдаманы ұйымдастыруға қолдау көрсету |
| Center of Contemporary Art – Tbilisi (Грузия Республикасы) | Халықаралық аналитикалық, халықаралық сараптамалық қолдау, тағылымдаманы ұйымдастыруға қолдау көрсету |
| «Ресурс Хаб» ЖШҚ (Өзiрбайжан Республикасы) | Халықаралық аналитикалық, халықаралық сараптамалық қолдау, тағылымдаманы ұйымдастыруға қолдау көрсету |
| «Ұлттық волонтерлік желі» ЗТБ | Халықаралық аналитикалық, халықаралық сараптамалық қолдау |
| Республикалық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспiрiмдер ұйымы | Жобаны әдiстемелiк сүйемелдеу, консультациялық қолдау көрсету |
| «Қазақстан жастарының Конгерсi» ЗТБ | Халықаралық аналитикалық, халықаралық сараптамалық қолдау |
| «Қазақстан студенттерiнiң Альянсы» Республикалық студенттер қозғалысы | Халықаралық аналитикалық, халықаралық сараптамалық қолдау |
| «Маңғыстау облысының Азаматтық Альянсы» ЗТБ | Ақпараттық, аналитикалық, ұйымдастырушылық қолдау. Оның iшiнде конкурстық комиссияны қалыптастыруға қолдау көрсету |
| «Jas Otan» ЖҚ Маңғыстау облысының филиалы | Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, аналитикалық, ұйымдастырушылық қамтамасыз ету. |
| «Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бiрлестiгi | Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, аналитикалық, ұйымдастырушылық қамтамасыз ету. |
| «Parasat Pro» қоғамдық қоры | Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, аналитикалық, ұйымдастырушылық қамтамасыз ету. |
| «Маңғыстау медиа» ЖШС | Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, аналитикалық қамтамасыз ету. |
| «Маңғыстау» телеарнасы | Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, аналитикалық қамтамасыз ету. |

5. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама бойынша сұраныс берушімен кері байланыс.

| | |
|-----------------------|---|
| Мақсатты топтың атауы | Мақсатты топтың қанағаттану деңгейі қалай өлшенеді |
| Жастар | Жобаның белсенді кезеңі аяқталғанға дейін және аяқталғаннан кейін жастардың екі фазалы сауалнамасы, жобаның белсенді кезеңі |

| | |
|--|--|
| | аяқталғаннан кейін жастармен кемінде 2 фокус-топтық талқылау |
| Жастар ұйымдары | Жобаның белсенді кезеңі аяқталғаннан кейін пилоттық жобаға қатысатын жастар ұйымдарының басшыларымен кемінде 5 сұхбат (интервью) |
| Үкіметтік емес ұйымдар, волонтерлік ұйымдар, бастамашыл топтар, саяси партиялар жанындағы жастар қанаты, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары, өндірістік кәсіпорындар жанындағы жас мамандар кеңесі | Тікелей кері байланыс – қоғамдық топ мәртебесін алған әрбір бастамашыл топтан және әрбір ұйымнан сауалнама жүргізу және пікірлер жинау |

6. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның жүзеге асырылуына мониторинг жасау жоспары.

| Әлеуметтік жоба және әлеуметтік бағдарламаның мақсаты: | | | | |
|---|---|---|--|---|
| Міндет | Іс-шара | Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелер | Индикаторлар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелерге) | Өлшеу жиілігі |
| 1. Тағылдамаға қатысушы үміткерлерді анықтау, іріктеу, даярлау және оқыту | <p>- Өңірдегі белсенді жас азаматтардың арасында тағылымдамадан өту мүмкіндігі жөнінде кешенді ақпараттық жұмыстарды ұйымдастыру;</p> <p>- Тағылымдамадан өтуге арналған конкурсты жариялау / ұсынылған үміткерлерді конкурсқа шақыру;</p> <p>- Тағылымдамаға қатысушы үміткерлердің құжаттарын қабылдау жұмыстарын ұйымдастыру, техникалық іріктеуді ұйымдастыру;</p> <p>- Тағылымдамаға қатысушыларды іріктеу бойынша критерийлерді</p> | <p>Қысқа мерзімді нәтижелер:</p> <p>Жоба басталғаны жөнінде кешенді ақпараттық жұмыс жүргізілді</p> <p>Тағылымдамадан өтуге арналған конкурс жарияланды</p> <p>Тағылымдамаға өтуге арналған конкурсқа кемінде 100 өтінім келіп түсті</p> <p>Тағылымдамаға қатысушыларды іріктеу бойынша конкурстық комиссия жасақталды</p> | <p>Сандық индикаторлар:</p> <p>Конкурс ережесі – 1</p> <p>Конкурстық комиссия мүшелерінің саны – кемінде 5 адам</p> <p>Конкурстық комиссия шешімінің хаттамасы – 1</p> <p>Үміткерлер саны – кемінде 100 жас</p> <p>Тағылымдамадан өтетін жастардың саны – кемінде 10 адам</p> <p>Тағылымдама бағдарламасына қатысты ұсыныстар</p> | <p>Сандық индекторлар:</p> <p>Жобаны іске асырудың дайындық кезеңінде 1 рет</p> |

| | | | | |
|--|---|---|---|---|
